



РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША

«ZEKET ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ» ҚОРЫНЫҢ

РАМАЗАН АЙЫНДА (02.04.2022 – 02.05.2022 жж.)

АТҚАРҒАН ІС- ШАРАЛАР ЕСЕБІ

- ДЕНСАУЛЫҚ:** «Өмірге үміт сыйла» және “Үміт сыйла сәбиге” жобасы аясында өтініш білдірген **2 102** науқас адамдардың емделуіне **15 576 993** (он бес миллион бес жүз жетпіс алты мың тоғыз жүз тоқсан үш) теңге қаражат көмек берілді.
- БАСПАНА:** «Ел үлесі пәтерге» жобасы аясында демеушілердің қолдауымен **15** отбасыға құны **213 137 188** (екі жүз он үш миллион жүз отыз жеті мың жүз сексен сегіз) теңге құрайтын **15** баспана кілті табысталды.
- ДІН САЛАСЫ:** «Мешіт пен медреселерге көмек» жобасы аясында **272** мешіт - медресеге және дін саласында оқып жатқан шәкірттерге демеушілердің көмегімен **110 347 540** (жүз он миллион үш жүз қырық жеті мың бес жүз қырық) теңге қаражат мөлшерінде көмек жасалды.
- БІЛІМ:** «ҚМДБ гранты» акциясы бойынша **2 604 400** (екі миллион алты жүз төрт мың төрт жүз) теңгеге **Нур-Мубарак университетінің 7 шәкіртінің жылдық оқу ақысы төленді.** Жалпы ҚМДБ өкілдіктерінің қолдауымен шәкірттердің оқу ақыларын төлеу жоспарлануда.
- АЗЫҚ-ТҮЛІК:** «Тайқазан» және «Қайырымды жұма» жобалары аясында демеушілердің қолдауымен **74 867** отбасыға құны **493 134 808** (төрт жүз тоқсан үш миллион жүз отыз төрт мың сегіз жүз сегіз) теңге құрайтын азық-түлікпен көмек көрсетілді.
Рамазан айында «Ауызашар себеті» **920 133** адамға **1 032 052 760** (бір миллиард отыз екі миллион елу екі мың жеті жүз алпыс) теңге көлемінде ауызашар себеттері таратылды.

6. **КИИМ-КЕШЕК:** Мешіттер жанындағы қайырымдылық дүкендері арқылы **1788 отбасыға** құны **6 549 000** (*алты миллион бес жүз қырық тоғыз мың*) теңге құрайтын киім-кешек таратылды.
7. **ШҰҒЫЛ КӨМЕК:** Әлеуметтік желілерде жарияланған бір көзін зақымдап алған **9 жасар** қарындасымызға Түркия мемлекетінде ота жасауға **1 000 000** (*бір миллион*) теңге көмек берілді.
8. **ТАБИҒАТ:** «Қиындықта ел бірге» - Су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Шалғын ауылына **500 000** (*бес жүз мың*) теңге көлеміндегі қаражатқа керекті көрпе төсеніштері алып берілді. Сонымен қатар Жәнібек ауданына қарасты Жақсыбай ауылына азық- түлік, киім- кешек және күнделікті тұрмысқа қажет заттар жөнелтілді.
9. **АРМАНДАР:** Мүмкіндігі шектеулі **11 балаға** қолданысына қажетті заттар;
1 құдық;
Зағиптар қоғамының өтініші бойынша «шоудаун» теннис үстеліне жалпы құны **2 365 410** (*екі миллион үш жүз алпыс бес мың төрт жүз он*) теңге көлемінде көмек көрсетілді.
10. **ҚАЖЕТТІЛІК:** «Жылулық сыйла» жобасы бойынша **4 820 000** (*төрт миллион сегіз жүз жиырма мың*) теңге көлемінде коммуналдық қызмет төлемдеріне көмек көрсетілді.
902 отбасыға 15 266 000 (*он бес миллион екі жүз алпыс алты мың*) теңге қаражат көлемінде ет таратылды.
«Көшпелі қайырымдылық керуені» қайырымдылық жобасы бойынша **22 022 000** (*жиырма екі миллион жиырма екі мың*) теңге көлемінде **3101 отбасыға** қаржылай және киім-кешек түрінде көмек көрсетілді.
11. **ҚАМҚОРЛЫҚ:** «Жетім көрсен жебей жүр» жобасы аясында **4035** жетім балаға **16 984 370** (*он алты миллион тоғыз жүз сексен төрт мың үш жүз жетпіс*) теңге көлемінде түрлі көмек берілді.
“Аналарға тосын сый” жобасы аясында **419 анаға 8 125 500** (*сегіз миллион жүз жиырма бес мың бес жүз*) теңгеге тосын сый жасалды.

12. ҚОРДЫҢ ДАМУЫ:

Зекет өкілдері және мешіт қызметкерлеріне 4 оқу-әдістемелік, практикалық семинар өткізілді;

Зекет пен қайырымдылық туралы **25 бейне ролик** түсіріліп, БАҚ өкілдерімен әлеуметтік желілерде 30-ға (*отыз*) жуық сұхбат берілді.

Қорыта келе рамазан айында Республика бойынша бас кеңсе және 20 өкілдіктің ұйымдастыруымен - **6 476** қайырымдылық іс-шара өтті.

Аталмыш шаралар “Зекет және қайырымдылық” қорының еліміз бойынша арнайы бекітілген өңірлердегі зекет өкілдері және дін жанашырларының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Бас кеңсе және барлық өкілдіктерді қосқанда «Қолдан – қолға» жобасы аясында **4 865 адамға 93 169 592** (*тоқсан үш миллион жүз алтыс тоғыз мың бес жүз тоқсан екі*) теңгеге қаржылай зекет беріліп, соның ішінде республика бойынша бас кеңсе арқылы түскен **802** адамның өтініштері толығымен қаралып, арнайы құрылған комиссия шешімі негізінде көмек көрсетілді. Қаражат есепшоттарға (банк картасы) аудару арқылы жүзеге асты.

“Зекет және қайырымдылық” қорының “Садақа (қайырымдылық)” есепшотына - **52 399 373,53** (*елу екі миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың үш жүз жетпіс үш теңге, елу үш*) тиын және “Өмірге үміт сыйла” есепшотына – **4 333 607,75** (*төрт миллион үш жүз отыз үш мың алты жүз жеті теңге, жетпіс бес*) тиын “Зекет” есепшотына – **11 151 082** (он бір миллион жүз елу бір мың сексен екі) теңге, барлығы есепшотқа - **64 463 036,61** (*алтыс төрт миллион төрт жүз алтыс үш мың отыз алты теңге, алтыс бір*) тиын түсті.

Бүгінгі таңда Рамазан айында зекет таратылғаннан кейінгі қор есебіндегі қаражат қалдығын қоса есептегенде жалпы сома **58 677 902,77** (*елу сегіз миллион алты жүз жетпіс жеті мың тоғыз жүз екі теңге, жетпіс жеті*) тиын.

Бұл қаражат алдағы уақытта жыл бойы республика бойынша көмекке мұқтаж отбасыларға және зекет қорының қажеттіліктері мен қайырымдылық іс-шараларына бекітілген комиссия мүшелерінің шешімі бойынша жұмсалатын болады.

ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының бас кеңсесі.

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл.